

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

Әбдікәрімова П.М.


Кітап басылымдарын шығаратын баспахананың кітапшалау-түптеу цехының
технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә. Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
Көлік техникасы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
КТ кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор
 С.А. Машеков
« 21 » 05 2019 ж.


Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Кітап басылымдарын шығаратын баспахананың кітапшалау –
түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау»

5В072200 – Полиграфия

Орындаған

Әбдікәрімова П.М.

Ғылыми жетекші
КТ каф. лекторы
 Ж.Ж. Толыбаева
« 21 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

КТ кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 – С.А. Машеков

« 17 » 11 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Әбдікәрімова Перизат Маратқызы

Тақырыбы «Кітап басылымдарын шығаратын баспахананың кітапшалау – түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау»

Университет Ректорының 2018 жылғы «06» қараша №1252-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы «22» мамыр

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: басылымның форматы мен бөлшегі 60×84, 60×90^{1/4}, 84×108^{1/32}. Көлемі (ф.б.т.): 11, 15, 10; Таралымы, мың дана: 42, 50, 55; Атау саны: 25, 32, 35; Бояуығы: 4+0

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Технологиялық бөлім

б) Кітапшалау түптеу цехының жабдықтарын таңдау

в) Өмір тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау сұрақтары

г) Жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): Сызба материалдары технологиялық сұлбадан, жүктер ағымынан, жабдықтардың жүктемесінен, эвакуация жоспарынан, технико-экономикалық көрсеткіштерінен тұрады

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 13 атау

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01-01.03.2019	
Еңбекті қорғау бөлім	01.03-20.03.2019	
Экономикалық бөлім	26.03-30.04.2019	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
ереже бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы	21.05.19	<i>Толыбаева</i>
Ереже бақылау	Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы	21.05.19	<i>Толыбаева</i>

Ғылыми жетекшісі *Толыбаева* Толыбаева Ж.Ж.

Тапсырманы орындауға білім алушы *Әбдікәрімова* Әбдікәрімова П.М.

Күні «15» 11 2018 ж.

АҢДАТПА

Жобаланатын дипломдық жобада кітап өнімдерін шығаратын баспахананың басудан кейінгі цехының технологиялық бөлімі қарастырылған.

Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- еңбекті қорғау бөлімі;
- экономикалық бөлім.

Технологиялық бөлімде басудан кейінгі цехтың технологиялық процесі жобаланды. Таңдалған жабдықтар қазіргі заманға сай, жылдамдығы жоғары, сапасы жақсы машиналармен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, дипломдық жобада қажетті жабдықтар саны, негізгі материалдар шығыны, жұмысшылар саны және т.б. қажетті көрсеткіштер келтірілген.

Экономикалық бөлімде жобаланған цехтың технологиялық тиімділігі көрсетілген.

Еңбекті қорғау бөлімінде басуға дейінгі цехта өрт қауіпсіздігі, жылыту мәселелері қарастырылды.

Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасы 31 беттен, 29 кестеден, 1 суреттен тұрады.

Сызбалық бөлім келесі сызба түрінде берілген:

- басылымды басудан кейінгі цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы;
- басудан кейінгі цехының жоспары;
- жүк ағымы;
- төтенше жағдайдағы эвакуация жоспары;
- техника-экономикалық көрсеткіштері.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте рассматривается технологическая часть послепечатного цеха типографии по выпуску книжной продукции.

Дипломный проект состоит из следующих разделов:

- технологическая часть;
- охрана труда;
- экономическая часть.

В технологической части проекта дается полное описание технологическому процессу послепечатного цеха. Выбранное оборудование типографии соответствует современным требованиям, оснащенным высокоскоростными и современными машинами.

В дипломном проекте рассчитаны количество необходимого основного оборудования, расход основных материалов, подсчитан рабочий персонал и другие показатели.

В экономической части рассчитана эффективность технологического оборудования послепечатного цеха.

В разделе охраны труда рассмотрены вопросы пожарной безопасности и отопления послепечатного цеха.

Пояснительная записка дипломного проекта состоит из 31 страниц, 29 таблиц, 1 рисунка.

Графическая часть проекта представлена в виде чертежей:

- технологическая схема изготовления издания в послепечатном цехе;
- планировка производства;
- схема грузопотоков;
- план эвакуации при чрезвычайных ситуациях;
- технико-экономические показатели.

THE SUMMARY

In the thesis project is considered the technological part of the post-printing shop printing company for the production of book products.

The graduation project consists of the following sections:

- technological part;
- occupational safety and health;
- the economic part.

The technological part of the project provides a full description of the technological process of the postpress shop. The chosen equipment of the printing house meets modern requirements, equipped with high-speed and modern machines.

In the thesis project, the amount of the main equipment required, the consumption of basic materials are calculated, the working personnel and other indicators are calculated.

In the economic part, the efficiency of technological equipment of the prepress shop was calculated.

In the section of labor protection issues of fire safety and heating postpress shop.

Explanatory note of the graduation project consists of 31 pages, 29 tables, 1 pictures.

The graphic part of the project is presented in the form of drawings:

- technological scheme of production of the publication in the postpress shop;
- production planning;
- traffic flow diagram;
- emergency evacuation plan;
- technical and economic indicators.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Технологиялық бөлім	10
1.1	Басылымның техникалық сипаттамасы	10
1.2	Кітапшалау-түптеу цехында басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасы	12
1.3	Таңдалған технологиялық процесті талдау және орнықтыру	13
1.4	Негізгі жабдықтарды таңдау	16
1.5	Қажетті материалдар санын есептеу	26
2	Еңбекті қорғау бөлімі	27
2.1	Кітапшалау-түптеу жабдығында жұмыс істегенде техника қауіпсіздік ережелері	27
2.2	Жылыту. Жылытуды есептеу	31
3	Экономикалық бөлім	32
3.1	Күрделі (бірреттік) шығындар	32
	Қорытынды	38
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	39
	А қосымша	
	Б қосымша	

КІРІСПЕ

Дипломдық жобаның негізгі мақсаты кітап өнімін жасаудың технологиялық процесін толықтай үйреніп, кітаптың кітапшалау-түптеу процесін танып білу. Өндірістік процестің негізгі бөлігі, оның құрамына кіретін басуға дейінгі, басу және басудан кейінгі технологиялық процестер. Осы процестерді орындау үшін бағыты, автоматизациясы, технологиялық мүмкіндігі және өнімділігі жағынан түрлі жабдықтар қолданылады.

Маған берілген тапсырма бойынша кітап өнімі бояулығы 4+0 жоғары сапалы түрлі түсті өнім. Бұл өнімді басып даярлау үшін офсетті басу әдісін таңдаймын және кітапшалау-түптеу процесінде қолданылатын машиналар мен материалдар таңдаймын.

Жазық офсетті басу әдісі – классикалық әдістердің бірі. Ол өзінің жоғары сапалылығы, тиімділігі және өнімділігі жағынан ең басты әдіс болып отыр. Жазық әдіспен басу баспалық өнімнің жоғары сапалы болуын, ұсақ бөлшектерінің де анық түсуін, жартылайрендердің жақсы берілуін қамтамасыз етеді.

«Кітапшалау» термині – кітапша деген сөзден, яғни 5-80 беттен тұратын, жұмсақ мұқабамен қапталған басылым деген сөз. Ал, «түптеу» термині түптеме, түптелген қап, яғни кітап блогын түптеуге арналған қап деген сөзден шыққан.

Кітапшалау процестеріне – бүктемелеу, бүктелген дәптерлерден блокты жинақтау, нақты бір әдіспен блокты бекіту, дайын блокты жұмсақ мұқабаға қондыру, шыққан кітапшалардың сапасын тексеру және орап-буу процестері жатады.

Түптеу процестеріне қатты түптеу қаптарын дайындау (картон, түптеу материалдарын кесіп, пішу). Осы түптеу қаптарына кітап блогын қондыру, түптеу қабына із салу (биговка), бронзалау, лак жағу, инкрустациялау, фольгамен престеп өңдеу, түптеу бояуларын қолданып, басып шығару және т.б. операциялар жатады. Барлық кітап-журнал, кітапшалар және тағы да басқа полиграфия өнімдерін дайындауда кітапшалау-түптеу процестерінде орындалатын барлық қалған операциялар жатады.

Кітапшалау-түптеу өндірісі өз реттерімен ғана атқарылатын технологиялық операцияларымен ерекшеленеді.

Осы дипломдық жобада жазық офсеттік әдіспен басылған кітаптың техникалық сипаттамасы көрсетілген.

1 Техникалық бөлім

1.1 Басылымның техникалық сипаттамасы

Кез-келген басылымды басар алдында міндетті түрде оған технологиялық сипаттама жасайды. Маған берілген басылымның технологиялық сипаттамасы 1-кестеде көрсетілген.

1 Кесте – Жобаланған басылымның техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштердің атаулары	Кітап(I)	Кітап(II)	Кітап (III)
Басылымның форматы	60×84/8	60×90/16	84×108/32
Таралымы, мың дана	42	50	55
Блоктың көлемі: физ. баспа табақта шартты баспа табақта қағаз табақта беттерде	11 20,46 11 88	15 30 15 240	10 33,6 10 352
Атаулар саны	25	32	35
Басылымның жылдық Саны	1050	1600	1925
Безендіру варианты	Екінші	Екінші	Екінші
Шрифт гарнитурасы: - негізгі мәтін - қосымша мәтін	Times New Roman	Times New Roman	Times New Roman
Шрифт кеглі - негізгі мәтін - қосымша мәтін	14п 10п	14п 10п	14п 10п
Беттеу	1 бағаналы	1 бағаналы	1 бағаналы
Титулдық бет	25% - мәтін 75% - бейне	30% - мәтін 70% - бейне	20% - мәтін 80% - бейне
Басылымды басудың Түрі	Офсеттік	Офсеттік	Офсеттік
Басылым элементінің бояулылығы: блок мұқаба форзац	4+4 4+0 4+0	4+4 4+0 4+0	4+4 4+0 4+0
Жинақтау түрі	Бірінің үстіне бірін қойып	Бірінің үстіне бірін қойып	Бірінің үстіне бірін қойып

1-кестенің жалғасы

Мәтіндегі бейнелердің пайыздық қатынасы	30%	40%	20%
Дәптерлерді бекіту	Жіппен тігу	Жіппен тігу	Жіппен тігу
Басылымдағы қағаздың түрі	Офсеттік	офсеттік	Офсеттік
Түптеу қап: типi жамылғы материалдың түрі	№4 мұқабалық қағаз; пенкамен престеу	№4 мұқабалық қағаз; пенкамен престеу	№4 мұқабалық қағаз; пенкамен престеу

1.2 Кітапшалау-түптеу цехында басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасын таңдау

1-суретте кітап өнімін дайындау процесінің техникалық сұлбасы берілген.





1 Сурет – Кітап өнімін дайындау процесінің техникалық сұлбасы

1.3 Таңдалған технологиялық процесті талдау және орнықтыру

Кітап блогы – жалпы саны 50-ге дейін және одан да көп, бүктемеленген дәптерлерден немесе белгілі бер ретпен жинақталған және жіппен, сыммен, желіммен бекітілген қағаз парақтарынан құралады [1].

Мәтін парақтарын екшелеу. Екшелеу – парақтары өзара екі перпендикуляр жақтарымен тегістеу процесі. Қағаз парақтарының арасына ауа кіргізу арқылы парақтарды біркелкі етіп стопқа жинайды.

Мәтін парақтарын кесу. Кесу – кітапшалау-түптеу процесі басылған парақтарды кесуден басталады. Қағазды кесу кезіндегі кішкене ғана қажетті өлшемнен ауытқулар соңғы өнімнің сапасына ақау тудыруы мүмкін.

Кесу парақтарын бүктемелеу. Бүктемелеу – дегеніміз қағаз полотноларын немесе парақтарды әзірленген, әзірленбеген бүгілім сызығы бойымен бүктеу. Бүктеу сызығы түптеу ісінде фальц деп аталады. Бүктелетін материалдарға қағаз полотнолары және басылып шыққан жартылай өнімдер жатады. «Түптеу» парағы деген термин бүктемеленетін парақ үшін алынған. Бүктемелеу деген беттерін дұрыс орналастырып, қағаз-табақтарды бүгімдеу жолымен көп беттік дәптерлерге айналдыру процесі.

Негізгі дәптерге форзац пен бейнені біріктіру. Форзац – қатты мұқабаның негізгі элементі. Оның көмегімен кітап блогы мұқабамен бекітіледі. Форзац – 4 беттік дәптер иілімге берік қағаздан жасалынады. Форзац көмегімен мұқабалар блоктың бірінші және соңғы беттерінің түптерімен бекітіледі.

Кесу парақтарын жинақтау. Түптеу кәсіпорындарындағы жинақтау машиналарында мынандай операциялар жүргізіледі:

- қағаз бергіштің сәйкес секцияларына сигнатуралары бойынша реттелген дәптер пачкаларын беру;
- дәптерлерді өндіріске ғана арналған қағаз бергішке салу;
- дәптерлерді бөліп алып шығару;

- бөліп алып шығарылған дәптерлерді жинағышқа беріп, блокты жинау;
- блокты қабылдау құрылғысына тасымалдау, блоктарды платформаға тиеу немесе әрі қарай өңдеу үшін келесі модульге беру;
- парақтарды реттелініп дұрыстығын бақылау;
- құрылғыдан шығуында блоктар жиналады немесе қызмет етуші жұмысшы блоктарды полетаға жинайды. Блоктағы дәптерлер саны бергіштік станциялар санынан көп болған жағдайында әуелі блоктың бір бөлігі жиналады. Одан кейін екінші жарты бөлігі жиналады да екі бөлікті қолмен біріктіреді;

- әрбір дәптердің түбінде жинақтау өзінің белгісі болады. Дұрыс жиналған блоктағы дәптерлер белгілері диагональ бойымен жатады. Сондықтан блокқа бір рет қарағанның өзінде дәптерлердің дұрыс жиналуы білінеді. Бірақ бұл тәсілдің ағымды желідегі жинақтау машинасы мен тығыз байланыста болған жағдайда пайдалануы мүмкін.

Блокты жіппен тігу. Полиграфияда жіппен тігудің екі түрлі негізгі әдістері:

- бірден блокты тігу;
- әр дәптерді тігіп блокқа бекіту.

Бірден блокты тігу әдісінде басылым блогының барлық беттері бірден тігіледі. Әрине, бұл әдіс бір-біріне кигізіліп жинақталған басылымдарды бекітуде қолданылады.

Әр дәптерді жіппен тігіп бекіту әдісінде, әр дәптердің бүгілген түбінен жіппен тігіліп, әрі қарай осы дәптер келесі дәптерлермен осы жіппен бекітіліп, басылым блогын құрайды. Бұл бекіту әдісінде түптеу материалын қолдануға да қолданбауға да болады.

Блок түбін желімдеу. Блок түбі қысылғаннан кейін желімдену керек. Яғни блок түбіне керекті мөлшерде желім жағылады. Желімдік қабат блок түбіне қаттылық береді және келесі операциялардың сапалы өтуін қамтамасыз етеді. Желімдеу үшін желім созылмалы болу керек.

Желімденгеннен кейін кітап блогының түбін кептіру. Кітапшалау түптеу цехында жартылай фабрикаатты кептіру техникалық процесстің әртүрлі стадияларында орындалады. Кептіру әртүрлі желімдік ерітінділер қолданылатын операциялардан кейін орындалады. Кептіру дегеніміз желімдік қабаттан артық қабатты жою. Кітап блоктарының түптерін желімдегеннен кейін кептіру табиғи және жасанды жағдайда орындалады.

Кептіргеннен кейін блок түбін қысу. Блок түбін желімдегеннен кейін қағаз талшықтарын ісініп, бірнеше деформацияланады. Ал кептіру процессінен кейін блоктар бос қалыпта болады және дәптерлердің түптік фальцтары қопсыланады. Сондықтан блок түбін қалыпты жағдайға келтіру үшін оларды кептіргеннен кейін қысу керек.

Блокты үш жағынан кесу. Желімденген және кептірілген кітап блоктарының түптеу қабын кигізбестен бұрын үш жағынан кеседі. Үш жағынан кесу кітапты қолдануды ыңғайлы ету үшін, бүктеу кезінде пайда болатын тегіс

емес жақтарын кесу үшін қажет. Кесу пышақты кесу және арнайы үш жақты кесу машиналарында жүргізілуі мүмкін [1].

Блоктарды өңдеу және оларды түптеу қаптарын даярлау.

Блок түбі әдіптеліп-жиектелген және үш жағынан кесілген кітап блоктары автоматтандырылған арнайы ағынды желілерде, әрі қарай өңдеуге және соңғы операцияларды орындау үшін беріледі.

Алдымен кітап блогының түбін дөңгелендіре жұмырлау және блок түбінің шеттері кері қарай майыстыру операциясы орындалады. Мұның мақсаты – кітапқа ыңғайлы дөңгелектеу форма беру арқылы оның оңай ашылуын және ашылып тұра беретін қалыпқа келтіру.

№4 түптеу қабы бүктемеленген дәптерлері бір-бірінің үстіне қойылып жинақталған, сыммен де, желіммен де бекітілген басылымның түбінен ғана емес жанынан да 5мм-дей желімденетін.

№4 түптеу қабы тұтас қағазбен қапталған қатты картоннан тұрады. Шеттерінен шығып тұратын канттары бар, бұрыштары тік, кітап түбі тіке немесе дөңгеленген бола береді. Картон беттері пленкамен престелген мұқабалық қағазбен немесе арнайы қағаздармен қапталады.

Блокты түптеу қабына кигізу. Түптеу қабына кітапты өңеудің соңғы процеі- өңделген блок пен дайын түптеу қабын біріктіру. Желім блок форзацқа жағылып, арнайы столға қойылған түптеу қабы болкқа кигізіліп, дайын өнім блок және түптеу қабы біріктірілген кітап алынады. Біріктіру кезінде қосымша операция штрихтау түптеу картон мен отстав арасына қойылатын ойық, ол кітап жақсы ашылуын қамтиды. Ол мақсатқа престеу штрихтау машиналары қолданылады [2].

Кітапты штриховкалау. Бұның нәтижесінде мұқаба қаптаманың сыртқы жағында бүгілім із (биговка – мұқаба жақы ашылуы үшін сол жақ жиегіне із салу, қағазға, картонға оңай бүктелуі үшін тік сызықты із салу процесі).

Сапаны бақылау. Тираж басу барысында және басылып біткеннен кейін оның сапасын эталонға, тапсырушының қойған талаптарына жауап беруін тексеру.

Орап буу. Ең соңғы операция. Өңделіп болған баспа полиграфиялық өнімдер дұрыс орап буылып, тапсырыс берушіге немесе дүкендерге таратылады. Орамалаудың мақсаты: дайын өнімді тасымалдау кезінде кездейсоқ бүлінулерден сақтандыру.

1.4 Негізгі жабдықты таңдау

Бірпышақты Wohlenberg 80 парақ кесу машинасы заманауи электроникамен және басқару жүйесімен жабдықталған, шу мен діріл көреткіштері төмен. Бұл бірпышақты машина қағаз және полиграфиялық материалдардан басқа қалың пленка, пластиналар, пластика, металл парақтарын да кесе алады. Бірпышақты Wohlenberg 80 парақ кесу машинасының техникалық сипаттамасы 2-кестеде көрсетілген.

2 Кесте – Wohlenberg 80 парақ кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Кесу ұзындығы, см	80
Кесу тереңдігі, см	80
Жұмыс столының биіктігі, см	90
Қысу қысымы, daN	150-3700
Затлдың ең жоғарғы қозғалу жылдамдығы, см/сек	30
Электр тұтыну, кВт	4
Салмағы, кг	2100
Ені (стандартты), см	220
Тереңдігі, м	200
Габаритті өлшемдері, мм	1900×1600

GUK FA-74 бүктемелеу машинасы жоғары өнімді перпендикуляр және параллель бүктемелеу машинасы. Машинаның артықшылығы болып бүктемелеу кассеталарын тура күйге келтіну болып табылады. Бүктемелеу пышағы парақты бүгілім сызығы бойымен бүктемелеу білікшелер арасымен соғады. Одан кейін олардың арасымен өткенде бүгілім пайда болады. GUK FA-74 машинасының техникалық сипаттамасы 3-кестеде көрсетілген [3].

3 Кесте – GUK FA-74 бүктемелеу машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
Парақтың макс. және мин. форматы, мм	74×104-144/5×19
Кассета саны	2-8
Бүктелетін қағаздың қалыңдығы, г/м ²	40-280
Өнімділігі, парақ/сағ	40000

Zechini Signa қысу прессінің техникалық сипаттамасы 4-кестеде көрсетілген.

4 Кесте – Zechini Signa қысу прессінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Қысу столарының максималды ашылуы, мм	700
Қысу толдарының минималды ашылуы, мм	320
Қысу столының форматы, мм	260×360
Қысу күші, кг	1000
Қысу жиілігі, Гц	50
Сыйымдылығы, кВт	0,73
Габариттік өлшемдері, мм	1100×500×1070
Салмағы, кг	190

SHOEI SPT 47-4K фальцминиатюра бүктеу машинасы парақты вакуумды түрде беретін, А2 форматты, бүктеу кассеталарын қолмен реттейтін екі кассеталы бүктеу машинасы. Қазіргі SHOEI SPT бүктеу автоматында перпендикуляр және аралас бүгілімдер алуға болады. Арнайы болаттан жасалған бүктеу білікшелері жоғары сапалы бүгілім береді. 5-кестеде SHOEI SPT 47-4K фальцминиатюра бүктеу машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген. [4].

5 Кесте – SHOEI SPT 47-4K фальцминиатюра бүктеу машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Кассеталар саны	5
Беру құрылғысы	Вакуумдық
Шығару құрылғысы	Конвейер механикалық, электрлік, ұзартылған, тігінен шығару
Роликтерді баптау	Қолмен
Перфорация және биговка	Бар
Парақтың форматы, макс/мин., мм	120×135/470×690
Қағаз қалыңдығы, г/м ²	40-240
Өнімділігі, А4/сағ.	38000
Қуат тұтынулығы, В	380
Габариттік өлшемдері, мм	3000×1500
Салмағы, кг	580

6-кестеде Yoshino 143 ротациялық өзібергіші бар табақжинақтау машинасының техникалық сұлбасы көрсетілген.

6 Кесте – Yoshino 143 ротациялық өзібергіші бар табақжинақтау машинасы

Атауы	Бөлшегі	Көрсеткіштері
Дәптер форматы	Енді бойынша өлшемі, мм	148-380
	Дәптер ұзындығы, мм	105-280
Машина ұзындығы	1 өзібергіш (1 секцияға 6 не 9 өзібергіш), мм	509,5
	Секция тарту тізбектері, мм	608
	Транспортер, мм	3000-5000
	Габариттік өлшемдері, мм	
Қуаттылығы	Негізгі қозғалтқыш 24 өзібергішке дейін, кВт	5,5
	Негізгі қозғалтқыш 24 өзібергіштен жоғары, кВт	7,5
	Вакуумды насос (1 өзібергішке), кВт	2,2
	Дірілдеткіш қондырғы, кВт	0,2

Yoshino 143 ротациялық өзібергіші бар табақжинақтау машинасы өзібергіші бар табақжинақтау машинасының жаңа моделі аз тиражды және көп тиражды басылымдарда да тапсырыс берушілерді қанағаттандырады.

Дәптер дүкендері үлкен форматты дәптерлермен жұмысқа есепелген:

- сол және оң жақ дүкендер құрал сайман пайдаланбай жылжиды;
- күрделі дәптерлерді орнататын опция қарастырылған.

7-кестеде SX 430 В жіппен тігу машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген [5].

7 Кесте – SX 430В жіппен тігу машинасы

Атауы	Көрсеткіштері
Масималды форматы, мм	460×230
Минималды форматы, мм	150×100
Ителер арасындағы қашықтық, мм	19
Өнімділік, цикл/мин	80
Қуаттылығы, кВт	1,1
Электр қуаты, В/Гц	3×380/50
Габаритті өлшемдері, мм	2380×1380×1550
Салмағы, кг	1000

Жартылай автоматты SX-430В жіппен тігу машинасы – қарапайым және сенімді машина, жіппен бүктелген дәптерлерді қарапайым брошюралық тігіспен тігеді. Осы әдіспен бекітілген блок түбі тығыз болады және көбіне түптеу қабын кигізетін кітаптарға келеді. Машина тігіп болғаннан кейін автоматты түрде жіп үзіледі. Әр түрлі форматтағы дәптерлермен жұмыс істей алады, ол дегеніміз машина үлкен кітаптарды да кіші кітаптарды да тігеді деген сөз. Электрлі құралдардың жұмысы мен машина құрылғысы PLC логистикалық программаланған құрылғымен сенсор арқылы басқарылады, бұл машинаны тиражға тез әрі ыңғайлы баптауға келтіреді. Қолмен және автоматты тігу режиміне келеді. Машина өнімділігі шамамен 100 цикл/мин.

«Zigloch» ағымды желісінің жұмыс істеу принципі. Дайын блоктар транспортерға корешогымен алға қарай беріледі. Блок транспортермен пресстеу машинасына беріледі. Түбі қысылады да форзац желімдеу аппаратына беріледі. Машина форзац салынған 2 магазиннен тұрады. Желім желімдеу ваннасынан беріліп тұрады, онда кітап түбін желімдейтін диск болады. Форзац магазиннен қысқыш арқылы шығарылады. Бірінші алдыңғы содан кейін артқы форзац желімделеді. Форзацты блокқа қысатын валиктер арасынан өтеді. Келесі операция корешокты желімдеу.

Блок түбіндегі жіптер желім жаққанда кедергі келтірмеуі үшін вакуумдық шлангтың көмегімен тартылады, автоматты басқару, машина жадына жаңа тапсырыс туралы мәліметтер енгіледі. Жылдамдықты реттеу, форзац желімденетін аумақтың биіктігін өзгерту мүмкіндігі. 8-кестеде VAM-70 форзац желімдеу автоматының техникалық сипаттамасы көрсетілген.

8 Кесте – VAM-70 форзац желімдеу автоматының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Максималды өлшемі, мм	510×200
Минималды өлшемі, мм	120×90
Қуаты, кВт	5
Габариттік өлшемдері, м	4,3×1,35
Массасы, кг	3 000

9-кестеде SB-7020 блок түбін және окантовкалық материал желімдеу машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген.

9 Кесте – SB-7020 блок түбін және окантовкалық материал желімдеу машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Максималды блок өлшемі, мм	510×320
Минималды блок өлшемі, мм	100×90
Блоктың максималды қалыңдығы, мм	82
Өнімділігі, блок/сағ	70
Габариттік өлшемдері, м	8,0×1,18
Қуаты, кВт	15
Массасы, кг	3 000

Окантовканы желімдеу SB-7020 машинасы арнайы термо және полиуретандық желіммен жұмыс істеу үшін жасалған. Кептіргіштер секциясы мен екінші желімжаққыш аппаратының болмауымен конструкция жеңіл болып келеді. Желім түріне байланысты аппаратты өзгертуге болады. Ауыстыру аз уақытты алады, желімжаққыш аппаратты орнатпай тұрып жұмысқа қыздыра беруге болатын мүмкіндік бар.

Желімденгеннен кейін блок түбін кептіру. Кептіру секциясында жартылай фабрикаттарында кептіру технологиялық процестің әр түрлі сатыларында орындалады. Кептіру желімдік қосылыстар қолданылатын операциясынан кейін қолданады.

Желімдік қабаттың ылғалдылығы кептірілгеннен кейін шамамен 12% пайыз құрайды. Кітап блоктарының түптерінің кептіру кәдімгі және жасанды жолмен орындалады:

- конвекциялық кептіру (ауаны ысытып және ысытпай);
- термосәулелену арқылы кептіру (жарық және жылу сәулелену арқылы).

10-кестеде TF желімденгеннен кейін блок түбін кептіру көрсетілген.

10 Кесте – ТҒ желімденгеннен кейін блок түбін кептіру

Атауы	Көрсеткіштері
Өнімділігі, мин	70
Максимал. формат, мм	510×320×70
Минимал. формат, мм	100×95×3
Қуаттылығы, кВт	7,5
Габариттік өлшемі, м	2,44×0,76
Массасы, кг	500

Блоктар мен кітап бумаларын қысуға арналған пресс – бұл электр қозғалтқыш жетегімен және қысуды қадағалап жұмыс істейтін винтті пресс. Қысу 500 ден 5000 кг шамасында бума санымен және қағаздың түріне сәйкес бақыланып отырады. 11-кестеде *D NH-80* қысу пресінің техникалық сипаттамасы көрсетілген.

11 Кесте – D NH-80 қысу пресінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Өнімділігі, блок/сағ	2 400
Максималды форматы, мм	510×320
Минималды форматы, мм	100×90
Қуаты, кВт	0,5
Габариттік өлшемдер, м	1,13×0,98
Массасы, кг	500

12-кестеде Voilenberg фирмасының trim-tec-45i үш жағынан кесу машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген.

12 Кесте – Voilenberg фирмасының trim-tec-45i үш жағынан кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Өнімділігі, мин	15-45
Кітап блогының биіктігі, мм	10-100
Макс. формат (кескенге дейінгі)	410×310
Мин. формат (кескеннен кейінгі)	145×100
Стопа биіктігі (макс./мин.), мм	100/10
Мин. кітап қалыңдығы, мм	2
Қуаттылығы, кВт	8
Массасы, кг	3 700

Түбі бойынша қысылған желімденген және кептірілген блоктар келесі технологиялық операция – үш жағынан кесу операциясына түседі. Ол фальцтары жоғары, төмен және алдыңғы жағынан кесілген блоктарды форматы МЕСТ 5773-76 бойынша сәйкес келу керек. МЕСТ блок кесудің келесі нормаларын бекіткен: блоктың ені бойынша – 5 мм (алдыңғы жағы), биіктігі бойынша – 100 мм (төменгі және жоғарғы жағы). Блокты үш жағынан кесу үшін Wohlenberg фирмасының trim-tec-45i машинасын қолданамын.

Кітап блогының түптеу қабына бекіту кигізу деп аталады. Блокты түптеу қабына кигізудің сапасы қолданылатын желімнің құрамына және блоктың қалыңдығына байланысты.

Блокты түптеу қабына кигізу кітаптық басылымдарды даярлаудың соңғы операциясы емес. Блоктың сыртқы қабына, сапалы енуі үшін, алдымен блокты ортасынан бөлетін пышақ арқылы ұстап тұрады. Сонда қажетті желімдер блокқа жағылып, түптеу қабына кигізіліп, қысым беріледі. 13-кестеде BL-500 қап кигізу машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген.

13 Кесте – BL-500 қап кигізу машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Өнімділігі, кітап/сағ	200
Кітап блогының максималды форматы, мм	300×390
Минималды форматы, мм	80×100
Блок қалыңдығы, мм	6-60
Габариттік өлшемдер, м	7,2×2,1
Қуаты, кВт	4
Массасы, кг	3 800

14-кестеде EP-608 престоу-штрихтау машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген [6].

14 Кесте – EP-608 престоу-штрихтау машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Кітаптың максималды форматы, мм	300×390
Кітаптың минималды форматы, мм	80×100
Кітаптың қалыңдығы, мм	8-50
Штрихтау уақыты, с	0,9-0,99
Қуаты, кВт	0,37
Габариттік өлшемдер, м	5,2×2

Кигізілген блок міндетті түрде престеледі. Бұл операция ағымды желіде орындалады. Қысуды дайын кітаптар блоктар мықты қысылу мақсатында престелу керек. Қысу блокты қапқа кигізгеннен кейін орындалады. Қысу режимі блокты кигізгенде қолданылған желімнің құрамына, қап даярланған материалға және кітаптар қалай престелгенге байланысты. Сонымен қатар осы машинада штрихтау процесі орындалады. Штрихтау – растав орны мен жақтар арасында, кітап түбіне параллель болып орналасу керек. Штрихтаудың нәтижесінде кітаптың ашылуы жақсарылып, біркелкі форманы қабылдайды. Түптеу қабына кигізілген кітаптың барлығы штрихтаудан өтеді.

MIG-06 горизонталь орау машинасының техникалық сипаттамасы 15-кестеде көрсетілген.

15 Кесте – MIG горизонталь орау машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Өнімділік, кап/мин	90
Өнімнің минималды ұзындығы, мм	40
Өнімнің максималды ұзындығы, мм	1000
Өнімнің минималды ені, мм	10
Өнімнің максималды ені, мм	310
Өнімнің максималды биіктігі, мм	140
Бобинаның максималды ұзындығы, мм	700
Ауа қысымы, атмосфера	5
Қысылған ауа шығыны, литр/мин	10
Электр, В;Гц	380; 50
Қажетті қуат, кВт	6
Габаритті өлшемдері, мм	3850×850×1600
Салмағы, кг	800

Кез келген өнімді өндіуде оны орамалау да маңызды орын алады. Бұл өнімнің танымалдылығы мен салылымның жоғары болуының кепілі. Қазіргі күннің ең жақсы орап- буу машиналарының бірі MIG-06 машинасы. Ол:

- толық серво бақылау, базадағы программаланған логикалық бақылау;
- түрлі түсті OMRON қолданушылық экраны және OMRON сервопровод;
- 100 жуық өнім түрін сақтау;
- бергіш транспортерді басқаратын үш автоматты сервопровод, бойлық дәнекерлеу ролигін, көлденең жақтарын басқарады;
- өнім, жұмыс жылдамдығы, өнімнің орналасуы, интервал, пакет ұзындығы сияқты өзгерістер бақару панелінен орнатылады және автоматты түрде қолдау көрсетіледі.

Автоматты қатырма кесетін Idealgandria 130 машинасы берілген форматта қатырма парақтарын бойлық және көлденең кесу үшін пайдаланылады. Машина электронды басқарылады және бір мезгілде көлденең және бойлық түрде кесе отырып өлшемінің дұрыс болуын және бұрыштарының тік болуын

камтамасыз етеді. Қысқа уақытта реттеуінің арқасында машина барлық жұмыстарғы және тираждарға келеді. Idealgandria 130 ықшам дизайнды, басқаруы сенімді әрі қарапайым құрылымды. Бойлық кесу дискісі пышақтық, ал көлденең «қайшылық» принциппен жүзеге асады. Әр қалыңдықтағы материалдардың тоқтаусыз кесу өзі реттегіш пневматикалық құрылым арқылы барлық машина мен тартқыш білік өзгереді. 16-кестеде Idealgandria 130 қатырма кесеу машинасының техникалық сипаттамасы берілген.

16 Кесте – Idealgandria 130 қатырма кесеу машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Жұмыс ені, мм	1300
Жеткізу электронды түрде өзгереді, мм	1-700
Беру дәлдігі, мм	+/- 0,2
Дисктік пышақ ара қашықтығы, мм	50
Қатты картон қалыңдығы, мм	4
Гофрокартон қалыңдығы, мм	10
Дисктік пышақтардың ауыстыру уақыты, мин	1
Электр қуаты, Гц	50
Қажет қуаттылық, кВт	7
Ауа шығыны Нл/цикл	25
Габариттік өлшемдері, мм	6210×2650
Салмағы, кг	3500

WFQ-1100 бобина кесу машинасының техникалық сипаттамасы 17-кестеде көрсетілген.

17 Кесте – WFQ 1100 бобина кесу машинасы

Атауы	Көрсеткіштері
Шығу роларының ұзындығы, мм	600
Шығу ролдарының ені, мм	1100
Втулка диаметрі, мм	76
Дайын рол диаметрі, мм	450
Дайын рол ені, мм	20-дан 1000 дейін
Өнімділігі, м/мин	160
Кесу дәлдігі, мм	+/- 0,5
Негізгі қозғалтқыш күші, кВт	3
Ауа компрессорының қуаты, Вт	550
Габариттік өлшемдері, мм	2380×1540×1370
Салмағы, кг	1300

Микрокомпьютері бар бобина кесу машинасында қолданылатын материалдар : ПЭ, ПП, фольга, қағаз. Бобина кесу – тығыздығы көп қағаз, картон, ламинат, фольга, пленка және материал рулондарын кесу машинасы.

Кесу лезвиямен орындалады. Электрмагниттік тежегіштер көмегімен орамаға және тартпаға арналған кернеуді реттеу жүзеге асырылады. Жылдамдық инвертормен басқарылады. Бүйірлік жиектің мониторингі – ортикалық сенсор желінің шетін тіркейді, көлденең туралау жүйесі автоматты түрде тартпаның орнынбасқарады. Станок интегралды контроллер, қатені автоматты түзету, номерлеу құрылғысы, алдын ала және автоматты тоқтату, тұрақты жылдамдық кернеуін бақылауды иеленеді. Материалды тез кеседі.

YDFM 720 сериялы машина пленканы тек бір жағнан престейді. 18-кестеде YDFM 720 сериялы пленка пресстеу машинасының техникалық сипаттамасы берілген.

18 Кесте – YDFM 720 сериялы пленка пресстеу машинасы

Атауы	Көрсеткіштері
Ламинаттау ені, мм	620
Ламинаттау жылдамдығы, м/мин	0-40
Ламинаттау температурасы, С°	60-130
Қозғалтқыш күші, кВт	0,55
Жылытқыш күші, кВт	4
Кернеуі, Вт	380
Масса, кг	400
Габариттік өлшемдері, мм	1900×1300×1600

BMD Speed бұл минутына 85 дана өнім шығаратын жоғары жылдамдықты қап даярлау машинасы. Атқарушы элемент автоматты басқарылатын сервомотормен жұмыс істейді. Автоматты, компьютерлік басқарудың арқасында форматты ауыстыру қысқа уақыт ішінде жүзеге асады. 19-кестеде BMD Speed қап даярлау машинасының техникалық сипаттамасы берілген.

19 Кесте – BMD Speed қап даярлау машинасының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштері
Өнімділігі, такт/мин	85
Формат, мм	мин: 130×190 мак: 380×680
Картон қалыңдығы, мм	мин: 1 мак: 3,5
Отстав ұзындығы, мм	мин: 6 мак: 90
Картонкесетін секция, мм	мин: 8 мак: 90
Бүктеу ұзындығы, мм	мин: 5 мак: 15

19-кестенің жалғасы

Қап арасындағы ұзындық үзілістері, мм	мин: 18 мак: 120
Компрессор, NI/мин	1600
Машина салмағы, кг	6100 7100 (картон кесетін секциямен)
Қуаты, кВт	20,5 22 (картон кесетін секциямен)
Габаритті өлшемдері, мм	6000×3100

1.5 Қажетті материалдар санын есептеу

1 кітаптың берілгені : 60×84/8 V = 12 ф.б.т. T = 42000 H = 25 q = 90 мкм	2 кітаптың берілгені : 60×90/16 V = 14 ф.б.т. T = 50000 H = 32 q = 90 мкм	3 кітаптың берілгені : 84×108/32 V = 10 ф.б.т. T = 55000 H = 35 q = 90 мкм
---	--	---

20-кестеде қажетті материалдардың шығыны есептелген [7], [8].

20 Кесте – материалдар шығыны

Материалдың аты	Есеп бірлігі	Есеп бірлігінің саны, 1 кітап	Есеп бірлігінің саны, 2 кітап	Есеп бірлігінің саны, 3 кітап	Жеке бағасы, тг	Жалпы бағасы, мың тг
Форзац	баспа табак	700000	400000	385000	55	81675
Капрон жіп	м	192	341	293	505	417
Форзац желімді айтін желім	кг	238	362	436	590	611
Блок түбін желімдейтін желім	кг	660	1006	1211	590	1697
Түптеу қабын блокқа желімдейтін желім	кг	1005	1531	1842	590	2583
Каптал және қағаз тілімін желімдейтін желім	кг	478	729	877	590	1229

20-кестенің жалғасы

Түптеу қабын даярлайтын желім	Кг	1316	2005	2412	590	3382
Каптал	погон	14700	22400	26950	65	4163,250
Түптеу қатыр масы	дана	233333	105000	240625	600	347374,8
Қағаз тілімі	кг	4809	7328	8816	200	4191
Пленка	Кг	5027	3790,88	4147,605	560	7260,671
Барлығы						454583,721

2 Еңбекті қорғау бөлімі

2.1 Кітапшалау-түптеу жабдығында жұмыс істегенде техника қауіпсіздік ережелері

Кітапшалау-түптеу және әрлеу жұмыстары кезінде жұмысшыларға зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың рұқсат етілген нормаларға дейін төмендету қажет.

Кітапшалау түптеу және әрлеу кезінде қолданылатын жабдықтар мемлекеттік стандарт пен әр жабдыққа сәйкес келетін техникалық жағдайға сай болуы керек.

Жабдықтың құрылымы жабдықпен жұмыс істеу құжаттарына сәйкес қауіпсіз жұмыс істейтіндей болуы керек, әрі құжатта жабдықпен әрі қарай жұмыс істеуді тоқтататын ақаулар белгіленуі керек. Жабдықтардың мамлекеттік стандартқа сәйкес сақтандыру құрылғылары жұмысшыны жабдықтың қозғалысын бөліктерінен, аэрозоль мен зиянды химиялық заттардың буынан және басқа да қауіпті өндірістік факторлардан сақтауы тиіс.

Жабдықтың электр қауіпсіздігі және электротехникалық жабдықтар мемлекеттік стандартқа сай болуы қажет. Қауіптілігі жоғары құрылғыда техникалық жағдайды белгілеуге болатын журнал болуы керек, ауысым біткен сайын жабдықтың жағдайы туралы белгіленіп тұруы керек. Қауіптілігі жоғары жабдықтарда әр екі апта сайын қоршайтын, сақтайтын, тежейтін, автоматты бақылау құрылғысы, дабыл беру құрылғысы жіне басқа да жабдықты қауіпсіз қолдануы қамтамасыз ететін құрылғыларды жабдықты тексеру журналына сәйкес тексерін тұру.

Кесу машиналарында қорғасыннан жасалған марзанды қолдануға болмайды. Кітап блоктарын өңдейтін жабдықтарда қағаз қиындылары мен шанды жоятын құрылғылар болу керек. Термोजелім ерітіндісі бар құтылардың төбесінен вентиляцияға жалғанған сорғыштар болу керек. Желімді ваннаның ішкі қабырғаларындағы және роликтерде желімнің қараюы байқалғанда тазартып тұру керек. Тазалау процесі кезінде парафин қолдану қажет.

Қыздыруды қажет ететін технологиялық процестердің құрылғыларының сыртқы бетіндегі температура 40 °C аспауы керек. Жоғары жиілікті жабдықтардың генераторларында бөгеттен жасайтын құрылғысы бар қорғау экранды болуы керек. Полэтилентерефталатты немесе басқады пленканы престейтін аймақтарда ұру немесе үйкелеу кезінде ұшқыр пайда болатын құралдар қолдануға болмайды. Статикалық электрлену болатын жабдықтар статикалық энергияны бейтараптандырғышпен қамтамасыз етілуі керек. Ауа тазартқыштар тұрып қалған ауа мен шаң жарылғыш қосындысы пайда болмайтындай етіп, ауаны жүйелі түрде шаңнан тазартып тұруы керек [9].

Кесу машиналарында жұмыс істегенде ескерілетін қауіпсіздік ережелері. Кесу машиналарында жұмыс істегенде техникалық қауіпсіздік ережесіне көңіл аудару керек, себебі бұл құрылғыда ауыр жарақаттар алу мүмкін. Машинаның ережелеріне сүйене отырып, өндірістік жарақаттардан

жұмыскер сақтану шараларын ұстану керек. Кесу машиналарының негізгі талаптарына жататындар:

- машинаның автоматты өшіруі және автоматты пышақты түсіру қысымы болмауы керек;
- пышақтың ұшы прижимның балкасының жұмыс кеңістігінің жоғарғы жағында орналасуы керек;
- машина пышағы бастапқы орнына келгенде автоматты түрде өшірілуі керек;
- кез келген кезде машинаны тез әрі жеңіл өшіру мүмкіндігі болуы керек;
- пышақтың проводы машинаны өшіретін қауіпсіздік жүйесімен байланысты болуы керек;
- бір пышақты кесу машинасымен жұмыс істеген уақытта жұмыскердің екі қолы тетікшелер немесе қосу рычагының құрылғысында болу керек, егер қолын құрылғылардан алған жағдайда машина автоматты түрде өшіру қажет;
- қосу және тоқтату муфтасы дұрысталып, жақсы реттеліп тұруы керек.

